

3. Электронный ресурс: <https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Квест>

4. Электронный опросник: <https://goo.gl/forms/TNE6x6NhOVMMxEwf2>

Қызбалина Д.Б., академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, экономика факультеті, ЛГ-11 тобы, студент
(Ғылыми жетекші-аға оқытушы Төлеуұлы А.)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШАҒЫН БИЗНЕСТІ НЕСИЕЛЕНДІРУ

Кәсіпкерліктің пайда болуы мен дамуы экономиканың өркендей түсуіне әсер ететін бірден - бір факторлардың бірі. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1 наурыздағы: «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында: Қазақстанның әлемдік бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры халықтың кәсіпкерлік әлеуеті мен бастамашылығын іске асыруға тырысқан түрлі топтары үшін қаржы ресурстары мен сараптама жасаудың нақты қайнарына айналуға тиіс. Қордың өкілдік желісін кеңейту, өңірлердегі кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған жұмысты күшейту қажет», - делінген. Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау шаралары әрбір елде болатын іс-әрекет шаралары. Біздің Қазақстан жағдайында мемлекеттік қолдау әртүрлі бағыттарда жүзеге асырылады. Болашақта елде шағын кәсіпкерлікті дамытуды одан әрі кеңейту бағыттары жоспарланып отыр. Осыған байланысты кәсіпкерлік бағытты жандандыру шаралары да ұйымдастырылу үстінде [1].

Шағын кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорындар үшін ең өзекті мәселе болып меншік құралдары мен капиталдың ұзақ мерзімді көздер есебінен туындайтын қаржылық стратегия табылады. Ғылыми зерттеулер көрсеткіштері бойынша тек қана 5% шетел кәсіпорындары инвестициялық қорлар есебінен қаржыландырылады. Көбінесе, шағын кәсіпкерлік меншік жинақтарынан, туыстарының, достарының жинақтарынан, сондай - ақ коммерциялық банктердің несиелерімен қаржыланады. Қазақстанда меншікті құралдар шағын кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады. Бірақ олар қаржыландырудың барлық қажеттіліктерін жаба алмайды. Бұл жағдайда қаржыландырудың альтернативті көзі болып банк несиелері табылады.

Қазақстан Республикасында «Казкоммерцбанк» ААҚ-мы кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғаларға несие беру бағдарламасын жүргізеді [2].

Кесте 1

Несие мөлшері	500 АҚШ долларынан дейін 30000 АҚШ долларына
Мерзімі	12 айға
Пайыздық ставкасы	айына 2- 2.6 % мөлшерінде беріледі

Ал Тұран Әлем Банкі алатын болсақ, несиелендіру бағдарламасы құрылысқа және қозғалмайтын мүлікті жөндеуден өткізуге, кәсіпкерлік қызметті жүргізуге, айналым капиталын толықтыруға, сауда келісімдерін жүргізуге, материал және шикізаттар сатып алуға, машинамен жабдықталуға жүргізіледі.

Халықтық Жинақ Банкі орта және шағын бизнес субъектілерін несиелендіру бағдарламасын, сондай-ақ орта және шағын агробизнесі қаржыландыру бағдарламаларын жүргізеді. Бұл бағдарлама несиелік қызметтер комплексін ұлғайту, шағын кәсіпкерлік субъектілерін, олардың қызметтік инфрақұрылымдық, транспорттық, өндірістік сферасындағы орнын ұлғайту мәселелерін орындайды. Несиелендіру заңды және жеке тұлғаларға жүргізіледі. Кепіл ретінде ғимараттар, құрылғылар, пәтерлер, тұрғын үйлері,

автокөлік түрлері, тұтыну тауарлары, шаруашылық субъектілерінің бағалы қағаздары қойылады. Несиелендіру мерзімі 6-15 айға дейін беріледі.

Кесте 2

Бағдарлама түрлері	Кәсіпкерлік қызметті жүргізуге, айналым капиталын толықтыруға	Жеке тұлғаларды микронесиелендіру
Несие мөлшері	30000 АҚШ долларынан 200000 АҚШ долларына дейін	500-30000 АҚШ долларына дейін
Мерзімі	4 айға дейін	2-13 айға дейін
Пайыздық ставкасы	1,33-2,16 % мөлшерінде	1,75-2,33 % шетел валютасында, 2,33 - 2,75 % теңге мөлшерінде

Сонымен қатар, Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі (ЕБРР) ірі масштабты жобаларды тікелей қаржыландырады, орта және шағын кәсіпкерлікпен айналысатын кәсіпорындарды қаржыландырады. Қаржыландыру негізінен несие түрінде жүргізіледі. Қазіргі кезде Еуропа Қайта Құру және Даму банкі Қазақстан Республикасындағы кіші бизнесті қолдауға атсалысып, шағын бизнесті несиелендіру бағдарламасын жүргізеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты шағын кәсіпорындарға қысқа және орта мерзімдік несиелемен қамтамаыз ету. Несие жолағының көлемі 775 миллион АҚШ долларына шақ келеді. Сондай-ақ, бағдарламаның негізгі тапсырмаларының бірі болып, шағын кәсіпорындар мен кәсіпкерлерге өз бизнестерін дамыту үшін тұрақты қаржыландыру көздерін ашу табылады. Бағдарлама айналым капиталын толықтыруға, шикізат сатып алуға, қосымша құрылғыларды сатып алуға шағын инвестициялар тарту, автотранспорт, өндірістік ғимараттар, ғимараттарды жөндеуден өткізу, қаржыландыру сияқты несиелендіру түрлерін жүргізеді [3].

Республикамызда шағын бизнесті дамыту барысында шағын кәсіпорындардың меншік істерін ұлғайту және айналым қаражаттарын толықтыру үшін несие ресурстарын тарту проблемасы жиі кездесіп отырады. Несие алудағы қиыншалықтар несие ресурстарын тарту шарттарында және тағы бір ерекшелік - инфрақұрылымның сапасының төмендігі болып табылады. Несие ресурстарын тарту шарттарында келесі ерекшеліктер байқалады:

- кепілмен қамтамасыз ету проблемасы;
- жоғары дәрежедегі ссудалық пайыз;
- несие ресурстарын иеленудегі мерзімнің қысқалығы;
- несиелендірудің жарналық кезеңінің артта қалуы.

Сонымен қатар, инфрақұрылымның жетілмеуі біріншіден, банкке құжаттар дайындау кезінде кәсіпкерлердің білім деңгейінің жетіспеушілігі; екіншіден, ақпараттық - консалтингтік қызметтердің жетіспеушілігі; үшіншіден, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің несиелендірудің отандық және шетелдік бағдарламалардан тыс қалуына байланысты болып табылады. Осы көрсетілген проблемаларды негізгі екі топқа бөлуге болады. Бірінші топ банктен несие алудағы жалпы шарттармен байланысты, ал екінші топ - несиені алу және рәсімдеу жүйесіндегі кәсіпкерлердің жеке проблемалары болып табылады [4].

Кәсіпкерлік қызметте шағын кәсіпорын бюджеттерін құру келесі этаптардан тұруы тиіс:

- шағын кәсіпорын дамуындағы жалпы бағыттардың құрылуы;
- әрбір бөлімге жалпы бағыттар мен тапсырмаларды анықтау;
- оперативті бюджеттерді дайындау;
- басқару құрамымен бюджет дайындығын талдау;
- қорытынды бюджетті дайындау.

Жоғарыда айтылғандардан мынандай қорытынды шығаруға болады. Республикада шағын бизнесті дамыту жолындағы көптеген кедергілер бүгінгі күні жойылып жатқандығы айқын. Алайда, шағын бизнестің дамуына тежеу болатын күрделі проблемалар әлі де

баршылық. Бүгінгі негізгі проблемалар: шағын бизнесті қолдау, қорғау жөніндегі заңдық базаның шыңжаулығы; шағын кәсіпкерлікті қолдау және қорғау инфрақұрылымының әлсіздігі; несие беру құжаттарын толтырудың тым қиындығы; білімді кадрлардың жетіспеуі. Ал шағын бизнестің басты проблемасы - ол несие беру саясаты. Шағын кәсіпорындардың дамуы нарықты тауар және қызметтермен толықтырады, экспорттың потенциалын арттырады және жергілікті шикізат ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік жасайды. Шағын кәсіпорын дүниежүзінде маңызды орын алады. Ол тек қана тұтыну сферасында емес, сол сияқты кейбір бөлек үзелдер мен механизмдерді шығару жағдайында немесе полуфабрикаттар өндіріп негізгі басты өндірісті қамтамасыз етуде маңызды орын алады.

Әдебиеттер:

1. Қинашева Ж. Қазақстан экономикасын қалыптастырудағы шағын кәсіпкерліктің ролі. // Ақиқат-2002ж. №2.
2. Қазкоммерцбанк АҚ Қазақстанның ең ірі жекеменшік қаржы институты <http://ru.kkb.kz/retail/page/Credits>
3. // Банки Казахстана 2005-№4 с 22-27.
4. Мейірбеков Б.Қ. Шағын кәсіпкерлік пен бизнесті қолдау жолдары мен дамыту әдістері. Автореферат-Алматы, 2004ж

Максимова Д. Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, экономический факультет, гр. МЭ-32, студент
(Научный руководитель — к.э.н., доцент Дарибеков С.С.)

ОЦЕНКА РАЗВИТИЯ УСЛУГ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА

Железнодорожный транспорт Казахстана - одна из ведущих составных частей транспортной инфраструктуры национальной экономики, имеющая определяющее значение для обеспечения хозяйственных связей и платежеспособного спроса граждан на перевозки.

Основное отличие транспортного комплекса Казахстана от большинства стран мира заключается в ведущей роли магистральных железных дорог в обслуживании реального сектора экономики. Это определяет роль и значение железнодорожного транспорта в обеспечении экономической безопасности страны. В аспекте обеспечения национальной экономической безопасности важна оценка роли железнодорожного транспорта в устойчивом функционировании стратегических отраслей материального производства, которое нуждается в перевозке собственной продукции [1, с. 115].

В таблице 1 представлены показатели, характеризующие техническую оснащенность казахстанской железной дороги.

Таблица 1. Показатели, характеризующие техническую оснащенность железной дороги Казахстана за 2011 – 2015 гг.

Показатели	2011 г	2012 г.	2013 г.	2014 г.	2015 г.	2015 / 2014, %
1. Эксплуатационная длина железнодорожных линий, км	14 892	15 333	15 341	15 341	15 341	100
2. Локомотивный парк, ед.:	1 772	1 865,5	1 896,5	1 892,5	1 803,5	95,3
- электровозы	571	552	563	577	549,5	95,2
3. Тепловозы	1 202	1 313,5	1 333,5	1 315,5	1 254,0	95,3
4. Парк грузовых вагонов, ед.:	55 909	66 503	65 803	60 940	59 025	96,8
- полувагоны	32 413	32 329	30 982	23 727	30 797	129,8
- крытые	10 145	9 801	9 051	7 809	8 806	112,8